

АҚТАЛСА ДА, ЕСІМІ АТАУСЫЗ ҚАЛҒАН АЗАМАТ

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі бастамасы өте маңызды және де бұл кім-кімді болса да бейжай қалдырмайтыны сөзсіз. Халқымыздың маңдайына біткен нағасқалары мен игі жақсылары, елім, жерім деген бетке ұстар ірі тұлғаларының өміріне балта шабылды. Сол жазықсыз жандардың біразының тағдырлары әлі де толық айтылмай келеді. Ақталса да беймәлім күй кешіп жатқандары қаншама. Солардың қатарында Әшірбек Үсеновті де (белгілі қоғам қайраткері, ұстаз, публицист, сыншы, баспагер Сейлбек Үсеновтің туған інісі) атауға болады.



Қолымыздағы Алматы қаласы бұрынғы ҰКК қазіргі ішкі істер департаментіне қарасты архив мәліметтеріне сүйенсек, Әшірбек Үсенов 1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласына қарасты Қатын көпір елді мекенінде дүниеге келген. Әшірбек алдымен 1925-1929 жылдарда Сырдария округтік Қазақ педагогикалық тех-

никумын ойдағыдай бітіріп, қазақ-өзбек мектептерінің I санатты мұғалімі біліктілігіне ие болады. 1929 жылдың қыркүйегі мен 1932 жылдың шілдесі аралығында Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөлімінде үздіктер қатарында тәмамдап шығады. 1926 жылғы 24 наурыздағы РСФСР Халық ағарту комиссариатының декретімен 5 жыл шәкірт-ақы да алып отырады. Сондай-ақ мұрағат деректерінде, дәлірек айтқанда, РСФСР-дің Халық Кеңестері Кеңесінің 1929 жылғы 8 шілдедегі жарлығымен Ә.Үсеновке берілген күйлікте оған белгілі бір аймақта 3 жыл мерзімде тұрақты жұмыс атқару міндеттелетіндігі жазылған.

Дегенмен, оның оқулық жазуға қосқан үлесі зор. Әсіресе кеңестік кезеңдегі латын әліпбиіне көшу барысында ол арнайы оқулық дайындап, аға буынның ілтипатына ие болды. Олай болса, біз де латын әліпбиіне көшуде Кеңестік Қазақстандағы Әшірбек Үсенов сынды зиялыларымыздың оқулық дайындау-



дағы бай тәжірибесін елеусіз қалдырмағанымыз жөн. Өйткені олар латын әріптерін мейлінше ыңғайлап, жаңашыл әдіс-тәсілдерді де кеңінен қолданып отырған. Айталық, Т.Шонанов та, Ә.Үсенов те жіңішкелік белгісін Ы дыбысы орнына қолданса, Q дыбысын Қ, С дыбысын Ш, R дыбысын Р, J дыбысын И дыбысы т.б ретінде белгілегенді қолай көріпті. Кітапта ұлттық төл сөздерімізге де барынша басымдық берген автор «Сиыр», «Сағат», «Үй», «Оқуда», «Жеміс», «Гауһар» секілді тілге оралымды оңай мәтіндермен қатар, үлкендердің саяси сауатын, өре-деңгейін көтеруге де ұмтылып, «Қарсақпай», «Балам Қызыл әскер», «Екпінді колхозшылар съезі», «Паровоз», «Мектепте», «Ұлы еңбек», «Лениннен үйренейік», «Халықтар достығы» т.б секілді кеңестік кезеңде өзекті болған саяси тақырыптарға, мәтіндерге ден қойып қана қоймай шағын әңгіме, өлеңдерге де көп орын берген.

Әсіресе Ә.Үсенов өз оқушыларының бұл оқулықты жатсынбауы үшін халқымызды тұрмыс-тіршілігіне әбден сіңісті болған байырғы төл сөздерімізді де орында келтіріп, халыққа қара танытуда ұтымды пайдалана білген. Мұнан бөлек, Әшірбектің қаламынан туған 9 класқа арналған «Әдебиет хрестоматиясы» да кезінде Халық комиссары Т.Жүргенов тарапынан

да жоғары бағасын алған.

Сондай-ақ ол 1925 жылдың шілдесінен Ташкенттен Шымкентке көшіп келген сол кездегі ең белді басылым – «Ақ жол» газетінің редакциясында да өз ағасы С.Үсенов, сондай-ақ Б.Молдалиев, Т.Отарбаев, Ә.Байжасаров, Ж.Барқиев, жас тілшілер Т.Райымбеков, И.Ырысметов, Ә.Сүлейменов сынды қаламгерлермен бірге өңірдің қоғамдық-саяси өміріне өзінше үн қосып, журналистика атты жауынгер жанрдың қыр-сырын таныды, қаламы ұшта-ла түсті. Осы тұста мұрағат құжаттарына қайта үңілсек, Әшірбек Үсенов 1934 жылға дейін әскери қызметтен уақытша босатылғанға ұқсайды. Демек осы уақыт аралығын жас талаптың мейлінше ізденіп, білімін жетілдірген, азамат ретінде рухани толысқан шағы десек, қателеспейтін шығармыз.

Әскери билетте оның 1936 жылы 26 сәуірде осы Алматы қаласындағы Пушкинский көшесінің 45-үйінің тұрғыны ретінде тіркелгендігі жазылған. Алайда оның «Кеңестік-тоталитарлық жүйеге қарсылық жасап, Қазақ КСР-нің территориясында ұлттық-террористік, диверсиялық-зиянкестік ұйымның белсенді мүшесі ретінде 1935 жылдан бері үздіксіз антикеңестік әрекеттерге барды. Т.Жүргенов, І.Қабылов, Т.Берденов, І.Жансүгіров, Д.Исқақов, З.Сейітханов, Ә.Қоңыратбаевтармен бірге Совет үкіметіне қарсы зиянкестік жасады» деген жалған айыппен абақтыға жабылғаны белгілі.

Ал 1938 жылы 8 наурызда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының секретары Батнердің үкімімен алғашында 10 жылға сотталып, оған қоса 5 жылға барлық саяси құқықтарынан айырылып, дүние-мүлкі тәркіленсе, небәрі 8 айда бұл үкім басы бүтін өзгеріп, 1938 жылдың 11 қарашасында ату жазасына кесіледі. Не себепті Алматыдан Мәскеуге тергеуге жеткізілгені әлі де түсініксіз, оны анықтай түсуіміз қажет сияқты. Бұл жерде Әшірбектің тұтқындалғанға дейін Алматыда ҚазССР Халық – ағарту Комиссариатында әдістемелік сектор басшысының орынбасары қызметін атқарғанын да айта кету керек. Сонымен қатар, Алматыда №12 мектепте мұғалімдік қызметте де болған. Бұған қоса қамауға алынғанда 1938 жылы 9 наурызда толтырыл-

ған анкетада оның қаладағы Пролетарская көшесі 29/31-үйде тұрғандығы, отбасылық жағдайы да атап көрсетіліп, жұбайы Х.Үсенованың – 24 жаста, перзенттері – Рабиғаның 6 жаста, Рахима – 5 жаста, Әзімнің 3 жаста, кенжесі Сырымның 1 жаста екендігі жазылған.

Ә. Үсенов 1938 жылы 11 қарашада ату жазасына кесіліп, 1960 жылы 20 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды. Ақталды десек те, есімі атаусыз қалып отыр.

Жалпы жазушылығымен, ақындығымен жас та болса жұртына ерте танылған Әшірбек Үсенов Алаш зиялыларымен бірге Мәскеудегі Дон зиратына жерленген. Бұл жайында белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Егемен Қазақстандағы» мақалаларында егжей-тегжейлі айтылған.

Жалпы кеңестік тоталитарлық жүйедегі саяси террор құрбаны саналатын осынау ұзын-сонар тізімдегі боздақтарымыздың саны 5000-нан асатынын ескерсек, бұл зобалаңның, ұлт басына түскен нәубеттің қаншалықты ауқымды болғанын аңғару аса қиын емес. Сондай-ақ жат жерде сүйегі қалып, Мәскеу түбінде топырақ бұйырған тұлғаларымыздың да жалпы санының 40 мыңға жуықтайтыны белгілі. Жоғарыдағы мұрағат құжаттарына сүйенер болсақ, Әшірбек Үсеновтің де Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов бастаған Алаш зиялыларының алғашқы легімен бірге атылғандығына күмән келтіре алмаймыз. Жоғарыда көрсетілген осы құжаттардың өзінен-ақ жазалау машинасының жан таңдамайтындығын, жалаға құрылған істердің большевиктік билікке шын берілгендерді де шарпып отырғанын көруге болады. Сондықтан да Әшірбек Үсенов сынды ұлт тарихындағы беймәлім тұлғаларды ұрпаққа таныту үрдісі алдағы уақытта да өз жалғасын табуы тиіс.

**Сейдехан ӘЛІБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ профессоры, тарих
ғылымдарының докторы,
Шымкент қаласы әкімдігінің
жанындағы саяси қуғын-сүргін
құрбандарын толық ақтау
жөніндегі комиссияның
жұмысшы тобының мүшесі**